

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

30.10.2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы -аға оқытушы Ж.С.Еркишева, АК мүшесі, доцент К.И.Усманов, АК мүшесі, академиялық персонал, білімгерлер өкілдері

Күн тәртібі:

1. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелердегі өзгерістермен танысу, 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, бекітуге ұсыну
2. «Математика және статистика» бағыты бойынша бакалавр және магистратура деңгейіндегі 2024-2029жж ББ Даму жоспарларын әзірлеу, бекітуге ұсыну
3. Қыркүйек-Қазан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Еркишева Ж.С.: 2024-2025 оқу жылының жоспарын әзірлеу, АК жұмысын жоспарға сәйкес ұйымдастыру, Ережелердегі өзгерістермен танысу, бакалавр және магистратура деңгейіндегі 2024-2029жж ББ Даму жоспарларын әзірлеу, бекітуге ұсыну, қыркүйек-қазан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, доцент К.И.Усманов алды:

2024-2025 оқу жылына АК жұмысы ұйымдастырылып «Математика және статистика» даярлау бағыты бойынша 6B05449- Математика және 7M05426-Математика білім беру бағдарламаларының АК жұмыс және мәжіліс жоспары қаралды және келесі міндеттер қаралды, атап айтқанда:

- білім беру бағдарламасы мен оның құрылымдық элементтерін (оқу жоспарлары, оқу нәтижелері) алқалы әзірлеуді ұйымдастыру;
- үздіксіз білім беру деңгейлерінің (бакалавриат және магистратура) сабақтастығын қамтамасыз ету негізінде кадрларды даярлаудың білім беру траекториясын қалыптастыру;
- білім беру бағдарламаларының кадрлық ресурстарының сапасын арттыру саясатын қалыптастыру;
- білім беру бағдарламасын іске асырудың мазмұны мен технологиясы бойынша үздік әлемдік және отандық тәжірибені талдау және енгізу;
- әлеуетті үміткерлермен жұмысты үйлестіруде кәсіби бағдар жұмыстарын күшейту;
- студенттердің ғылыми-зерттеу және жобалық қызметі мәселелері бойынша ғылыми бөлімдермен өзара әрекеттесу;
- жұмыс берушілермен және білім беру бағдарламасының түлектерімен бітірушілердің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптарды нақтылау және оларды даярлау сапасын бағалау бойынша өзара әрекеттесу;
- білім беру бағдарламасын әртүрлі сапаны бағалау процедураларына дайындау (соның ішінде аккредиттеу), бағдарламаның өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру.

АК мүшесі, академиялық персонал, доцент К.И.Усманов:

- магистратураның білім беру бағдарламасын әзірлеу және оны бекітуге ұсыну.
- оқуға қабылдаудың әр жылы үшін оқу жоспарының мазмұнын анықтау.

- қоғамдық жұмыс берушілер қоятын кадрларды даярлауға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнына сараптама жүргізуді ұйымдастыру.

- жұмыс берушілердің сарапшыларын тарта отырып, студенттердің кәсіби білімін, дағдылары мен дағдыларын дамыту тұрғысынан оқу бағдарламалары мен оқу материалдарының сапасына сараптама және бақылау жүргізу.

- білім берудің әртүрлі деңгейлерінде сабақтастықты қамтамасыз ету және пәндердің қайталануын жою мақсатында элективті пәндер каталогын қалыптастыруды бақылау.

- практиктерді оқу материалдарын әзірлеуге қатысуын қамтамасыз ету, шеберлік сабақтар өткізу арқылы мамандықтың негізгі пәндері бойынша сабақтарды бірлесіп өткізуге міндетті түрде тарту жұмыстарын ұйымдастыру.

АК төрағасы Еркишева Ж.С.: Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім: «Математика және статистика» бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастырып жоспары құрылсын, Ережелердегі өзгерістермен таныстырылсын, бакалавр және магистратура деңгейіндегі 2024-2029жж ББ Даму жоспарлары әзірленсін, бекітуге ұсынылсын, қыркүйек-қазан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесі талдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Ж.С.Еркишева

Хатшы



К.И.Усманов

